

ДӘРІС 4.

ТАҚЫРЫБЫ:

**«Будда діні: уағыздары
мен культы».**

ЖОСПАР:

1. БУДДА ДІНІНІҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ.

2. БУДДА ДІНІНІҢ УАҒЫЗДАРЫ МЕН КУЛЬТЫ.


3. БУДДА ДІНІНІҢ АҒЫМДАРЫ.

4. БУДДА ДІНІНІҢ ӘЛЕМГЕ ТАРАЛУ ТАРИХЫ.

Будда діні ең көне дүниежүзілік дін. Оның қалыптасқан кезі б.з.д. VI ғасыр – б.з. VIII ғасыр аралығы. Осындай ұзақ уақытта әрине будда діні бір қалпында қалған жоқ. Әртүрлі ортаның экономикалық және рухани ерекшелігімен байланысып будда діні көптеген өзгерістерге ұшырап отырды.



Үнді елінің ертедегі діні тотемизмнен, табиғаттағы заттарды "киелі" деп қарайтын және ата-баба дін жораларынан басталады. Үнділердің діни жинағы веда кітабы. Ол кітап құрастырылған заманда /б.з.д. X-V ғ./ үнділер күнге /сурия/ сиынатын. Аспанды /веруна/, отты /агни/, күннің күркіреуін /индра/ құдай деп білетін.



Қоғам тапқа бөлінбеген, мемлекет әлі шықпаған кездегі табиғатқа сиыну және ата-баба жоралары таптық қоғам мен мемлекет құрылған кезде жаңа діни нанымдармен алмасады. Бұл нанымдардың мақсаты таптық қоғамдық құрылысты негіздеу еді. Ертедегі табиғат түріндегі құдайлар біртіндеп мемлекеттік құдайға айналады. Орталықтанған ірі мемлекеттің құрылуына байланысты бір құдайға табыну түсінігі пайда болды. Жердегі біртұтас патшаға көкте де бір тұтас құдай болуы тиіс. Сол бір құдайды дүниені де адамды да жаратқан Брахма деп атады.

Ал құдайға жырмен мақтау айтқан, оларды мадақтаған адамдарды брахман деп атады. Бұл кезде Үнді елінде 4 варнаға бөліну кездесетін. Ең жоғарғы варнаға брахмандар /абыздар/ жататын. Бұлардан кейін кшатрийлер /әскери қолбасшылар/ сосын вайшыи /егін шаруашылығымен айналысатындар/ ең төменгі варна шудра деп аталатын. Бұлардан басқа ешбір варнаға енбейтін де адамдар тобы болды.

Варны в Древней Индии

Согласно легенде, Бог Брахма создал варны из частей своего тела:



1. Уста - брахманы

2. Руки - кшатрии

3. Бедра - вайшьи

4. Ступни - шудры

У каждой варны были свои обязанности, свой цвет одежды, свои жилища, пища, цвет точки на лбу. Браки между членами разных варн запрещались

Будда діні — б.з.б. 6 ғасырда Будда негізін қалаған философиялық және діни наным. Үндістанның бүгінгі Бихар штатында пайда болған. Будда діні кезінде Оңтүстік Үндістан жеріндегі Шри Ланкадан бастап солтүстікте Сібірге, батыста Еділ өзенінің бойына дейін тараған. Будда діні басқа ілім-танымдарды бойына оңай сіңірді және оның негізгі қағидасы жан иесіне жамандық жасамау болғандықтан, жер жүзіне соғыссыз тарады. Қазіргі кезде дүние жүзі бойынша Будда дінін 1 млрд-қа жуық адам ұстанады.

БУДДИЗМ СУДДХОНАНЫҢ БАЛАСЫ
СИДДХАРТХА ГАУТАМАНЫҢ ІЛІМІНЕН
(Б.Д.Д. 563-483 ЖЖ.) ТАРАЛҒАН ДІН ДЕП
ЕСЕПТЕЛЕДІ.



Будда ақиқаттары көптеген ғасырлар бойы ауызша айтылып отырады, тек қана біздің з.д. және б.з. аралығында Цейлонда алғашқы рет 29 томдық /10 мың бетке жуық/ кітапқа жазылады. Ол кітапты "трипитака" /үш кәрзеңке ілім/ деп атайды. Бұл кітап үш бөлімнен тұрады. *Виная - питака, Сутта - питака, және Абхитхамма - питака.* Егер бірінші екеуінде будда дінінің табыну салты туралы басты талаптары баяндалса, үшіншісінде буддизмнің дүниетану принципі әңгіме етіледі. Будда діні бойынша, қабылданатын дүние адам жасайтын елестеулердің жиынтығы ғана.

БУДДАНЫҢ АШҚАН ӨМІР АҚИҚАТЫ НЕМЕСЕ ІЛІМІНІҢ НЕГІЗІ - «АЗАП ШЕГУШІЛІК», ОЛ ТӨРТ ИГІЛІКТІ АҚИҚАТТАН ТҰРАДЫ:

БІРІНШІ АҚИҚАТ, ӨМІР СҮРУ АЗАП ШЕГУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ЕКІНШІ АҚИҚАТ, АЗАП ШЕГУДІҢ СЕБЕПТЕРІ АДАМНЫҢ ТІЛЕГІ МЕН ҚҰМАРЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БОЛДЫ.



**ҮШІНШІ АҚИҚАТ, АЗАПТАН
ҚҰТЫЛУДЫҢ ЖОЛДАРЫ –
ҚҰМАРЛЫҚТАН ҚҰТЫЛУ.**

**ТӨРТІНШІ АҚИҚАТ, ТІЛЕКТЕР
МЕН ҚҰМАРЛЫҚТЫ ШЕШУ
ҮШІН АДАМДАР БУДДА
КӨРСЕТКЕН ЖОЛДАРМЕН
ЖҮРУЛЕРІ КЕРЕК.**

**ОЛ ЖОЛДАР МЫНАЛАР: БУДДАҒА ДЕГЕҢ
ҚАЛТҚЫСЫЗ НАНЫМ, ДІНГЕ НҰҚСАН КЕЛТІРМЕЙ
ДҰРЫС ТАЛАПТАНУ, ТӘРТІПТІ БОЛУ, КІСІ
ӨЛТІРМЕУ, АДАМДАРМЕН СОҒЫСПАЙ ЖАҚСЫ
ҚАРЫМ-КАТЫНАСТА БОЛУ, ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ.
ҚЫСҚАША АЙТҚАНДА, НИРВАНАҒА ЖЕТУ.**

**НИРВАНА ДЕП АДАМНЫҢ ЕРЕКШЕ ЖАЙЫН
БІЛДІРЕТІН БҮТІНДЕЙ ТЫНЫШТЫҚҚА БӨЛЕНІП,
АЙНАЛАНЫ ҚОРШАҒАНДАРДЫҢ БӘРІНЕ ЕНЖАР
КАРАУШЫЛЫҚТЫ АТАЙМЫЗ. СОҒАН ЖЕТКЕН
АДАМ ҚАЙТА ТУУДАН ҚУЫЛЫП, АЗАП
ШЕГУШІЛІК ТОҚТАЛАДЫ. НИРВАНАҒА ТІКЕЛЕЙ
ЖЕТУДІҢ СЕГІЗ САТЫСЫ БОЛАДЫ:**

**ТҮЗУ КӨЗҚАРАС, ТҮЗУ БАТЫЛДЫҚ, ТҮЗУ СӨЗ, ТҮЗУ
ЖҮРІС-ТҰРЫС, ТҮЗУ ТҰРМЫС ҚАЛПЫ, ТҮЗУ КҮШ
САЛУ (ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАЙ БІЛУ), ТҮЗУ ЫҚЫЛАС, ТҮЗУ
ЖҰМЫЛДЫРУ.**

ГАУТАМА ДІНИ КӨЗҚАРАСЫНА
БРАХМАНИЗМ ЖӘНЕ ДЖАЙНИЗМ ДІНДЕРІ
ҮЛКЕН ӘСЕР ЕТТІ. БІРАҚ ОЛ ӨЗ ДІНИ ЖОЛЫН
ТАПТЫ. ӨЗІНІҢ ҚАТАҢ ТАҚУАЛЫҚ ТӘРТІП
ЖОЛЫНДА МЕДИТАЦИЯ ӘРЕКЕТІ МЕН
СЕРГЕКТЕНУГЕ ЖЕТТІ НЕМЕСЕ БУДДА
АТАҒЫН АЛДЫ.

БУДДАЛЫҚ ДӘРЕЖЕГЕ ЖЕТКЕН СОҢ, ОЛ
ӘРІ ҚАРАЙ ТАҚУАЛЫҚ (МҰҒАЛІМ-МОНАХ)
ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗЕ БЕРДІ. ОЛ САНГХА
(МОНАХ ОРДЕНІ) ДЕГЕН ҚАУЫМ ҚҰРДЫ. ОЛ
ОРДЕН ХАЛЫҚТАРДЫҢ САДАҚАЛЫҚ,
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨРСЕТУДІҢ
АРҚАСЫНДА ӨМІР СҮРДІ.

САНГХА БОЛСА, БУДДА ІЛІМІН (ДХАРМА) ХАЛЫҚТАРҒА ЖЕТКІЗУ ҮШІН ЖҰМЫС ІСТЕДІ. АЛҒАШҚЫ САНГХА БІРТЕ-БІРТЕ ӨСІП, ДАМИ ОТЫРЫП «ӘЛЕМДІК» БУДДИЗМГЕ АЙНАЛДЫ. АЛҒАШҚЫ Б.З.Д. 300 Ж. САНГХИ БІР ҚАЛЫПТА ДАМИ ОТЫРЫП, ОДАН БІРНЕШЕ АҒЫМДАР БӨЛІНІП ШЫҒЫП, АЙРЫҚША МЕКТЕПТЕРГЕ АЙНАЛДЫ. БІЗДІҢ ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІНІҢ БАСЫНДА САНГХАНЫҢ ӘР ТҮРЛІ АҒЫМДАРЫНАН ЕКІ ҮЛКЕН МЕКТЕП ПАЙДА БОЛДЫ. ОЛАР: ХИНАЯНА (КІШІ КҮЙМЕ) ЖӘНЕ МАХАЯНА (ҮЛКЕН КҮЙМЕ). ХИНАЯНА ТХЕРАВАДА (ЕСКІ ӨСИЕТТІК ЖОЛ) КӨЗҚАРАСЫН ДАМЫТТЫ. МАХАЯНА ӘЛЕМГЕ ДЕГЕН ЖАҢА КӨЗҚАРАСТЫҚПЕН ДАМЫДЫ.

Қазіргі кезде буддизмнің үш ағымы бар. Олардың діні, әдет-ғұрыптары, догмалары бір-бірінен айрмашылығы өте зор десек те болады. Бұл ағымдар:

- 1) Үнді-буддизмі - *Тхеравада*, немесе оңтүстік және шығыс-оңтүстік буддизмі.**
- 2) Дао-буддизмі - *махаяна* немесе үлкен күйме, Қиыр Шығыс буддизмі.**
- 3) Тантрикалық буддизм - *ваджраяна* немесе орта азиялық буддизм.**

1. **ТХЕРАВЕДА АҒЫМЫ - (ЕСКІ ЖОЛ) БУДДАНЫҢ САЛТ ЖОЛЫ. ҰСТАЗДЫҢ БЕЙНЕСІН ЖАЙ ҚҰРМЕТ ЕТУДІҢ ОРНЫНА ТӘҢІРГЕ АЙНАЛДЫРЫЛҒАН БУДДАҒА ТАБЫНУ ҮНДІДЕ ЕТЕК АЛДЫ. МИФТІК АҢЫЗ ЕСЕБІНДЕ ГАУТАМАНЫҢ ЖҮРГЕН ЖЕРЛЕРІ, АЙТҚАН СӨЗДЕРІ БАРЛЫҒЫ КИЕЛІ РЕТІНДЕ КӨРСЕТІЛІП, СОЛ ЖОЛМЕН ЖҮРУ КЕРЕК ДЕЙДІ. ҚАТАРДАҒЫ БУДДИСТЕРДІ СЕРГЕКТЕНУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖҰМЫС, ЖАҚСЫ ЖИҒАН ЕҢБЕГІ БОЙЫНША БАҒАЛАЙДЫ. СОЛ СЕБЕПТЕН ОҢТҮСТІК ЖӘНЕ ШЫҒЫС-ОҢТҮСТІК АЗИЯДАҒЫ МОНАСТЫРДЫҢ РОЛЬДЕРІ БИІК БОЛДЫ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ТХЕРАВАДА АҒЫМЫ НЕМЕСЕ ХИНАЯНА (КІШІ КҮЙМЕ) ҮНДІ МЕМЛЕКЕТІНЕН БАСҚА ЕЛДЕРГЕ ЖАҚСЫ ТАРАЛҒАН ЖОҚ.**

2. МАХАЯНА АҒЫМЫ (ҮЛКЕН КҮЙМЕ, ҰЛЫ ЖОЛ) - СЕРГЕКТЕНУГЕ ЖӘНЕ НИРВАНАҒА БАРАТЫН ЖОЛ, БАРЛЫҚ АДАМҒА АШЫҚ, ТЕК МОНАХ ТӘРТІБІН САҚТАУ МЕН БУДДА ЖОЛЫ ЖӘНЕ БОДХИСАТТАРДЫҢ ЖӘРДЕМІ КЕРЕК ДЕЙДІ. СОЛ СЕБЕПТЕН, БҰЛ АҒЫМ БОДХИСАТТАРДЫ ПІР ТҰТЫП, ДАНЫШПАНДЫҚ РӨЛДЕРІН ӨСІРЕДІ. ОЛАР НИРВАНАҒА ҚАТАРДАҒЫ АДАМДАРДЫ ЖЕТКІЗУГЕ ЖӘРДЕМ БЕРЕДІ. МАХАЯНАДА КӨПТЕГЕН ДІНИ ҚАУЫМДАР ПАЙДА БОЛДЫ.

ЖАПОНИЯЛЫҚ БУДДИЗМНІҢ «ДЗЕН» ДЕГЕН АҒЫМЫ ТАРАЛЫП, ҚАТАРДАҒЫ БУДДА АДАМДАРЫНЫҢ ДІНИ БОЛДЫ. «ДЗЕН-БУДДИЗМ» ШЫҒЫС АЗИЯҒА ТАРАЛҒАН, ЖАҢАРТЫЛҒАН ТҮРІ. ДЗЕН-БУДДИЗМ ҚОС АҒЫМДЫҚ СӘУЛЕЛЕНУДІ, АҚИҚАТҚА ЖЕТУДІ, САТОРИДІ УАҒЫЗДАЙДЫ. ІШКІ СЕЗІМ, МЕДИТАЦИЯ АРҚЫЛЫ СЕРГЕКТЕНУГЕ, ӨМІРДІҢ ШЫҢДЫҒЫНА ЖЕТУГЕ БОЛАДЫ ДЕЙДІ. ДЗЕН - БУДДИЗМНІҢ ИРРАЦИОНАЛИЗМІ МЕН ИНТУИТИВИЗМІ, ОНЫҢ ЭКЗОТИКАЛЫҚ ҒҰРПЫ, ӘСІРЕСЕ, СОҢҒЫ ОН ЖЫЛДА БАТЫС ЕВРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ФИЛОСОФТАРЫНЫҢ НАЗАРЫН АУДАРУДА.

3. ВАДЖРАЯНА НЕМЕСЕ ТАНТРАЯНА АҒЫМЫ
(АЙРЫҚША САЛТ КҮЙМЕСІ). ОЛ ГУРУ
(ОҚЫТУШЫ, БАСТЫҚ) БАСШЫЛЫҒЫМЕН
ЙОГАМЕН ШҰҒЫЛДАНАДЫ. ӘРБІР ГУРУ ӨЗ
ӘДІСТЕРІМЕН ЙОГА ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНАДЫ.
ЙОГАНЫ АДАМНЫҢ ОЙЫН КІРДЕН ТАЗАРТУДЫ
ТҮСІНДІРЕДІ. ЦЗЯН ХАВАЙ (1357-1419)
ҚҰРАСТЫРҒАН ЛАМАИЗМ АҒЫМЫНДА ӘРБІР
ГУРУ НЕМЕСЕ БАСШЫ ТІРІ ҚҰДАЙ ЕСЕБІНДЕ
ҚАБЫЛДАНАДЫ. ЛАМАИЗМ ИЕРАРХИЯЛЫҚ
ШІРКЕУ ЖҮЙЕСІ МЕМЛЕКЕТ ЖҮЙЕСІНЕ ҰҚСАС,
ШЫҢҒЫСХАН ЖАСАП КЕТКЕН ЖҮЙЕ.

ЛАМАИЗМ БУДДА ДІНІНЕН БӨЛІНІП
ШЫҚҚАН АҒЫМ. БҰЛ АҒЫМ ЕКІ
БӨЛШЕКТЕН ТҰРАДЫ. ЛАМАИЗМНІҢ
СЫРТҚЫ ТАБЫНУ ТӘЖІРИБЕСІ
ТХЕРАВАДАҒА ҰҚСАП, ІШКІ ЖАҚСЫ
ТӘЖІРИБЕ ЖИНАУ, РУХАНИ ОҚУ ЖҮРЕГІ
НЕМЕСЕ ВАДЖАРАЯНА ІЛІМІ БОЙЫНША,
АДАМНЫҢ АҚЫЛЫ КОСМОСТЫҚ БУДДА
ДЕНЕСІМЕН ҚОСЫЛУЫ. РУХАНИ ЖҮРЕК
ӘР ТҮРЛІ ҚҰРЫЛЫМНАН ТҰРАДЫ,
ВАДЖАРАМЕН ТЕҢЕСТІРІЛЕ ОТЫРЫП,
МӘҢГІЛІК СИМВОЛЫ - ТҰРАҚТЫЛЫҚ
ЖӘНЕ БҰЗЫЛМАЙТЫНДЫҒЫ.

ЛАМАИЗМ БУДДИЗМ ДІНІНІҢ КЕҢ ТАРАЛҒАН ФОРМАСЫ ЕСЕБІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ. ОЛ КӨБІНЕСЕ, ТИБЕТКЕ, МОНҒОЛИЯҒА, НЕПАЛДЫҢ КЕЙБІР АЙМАҚТАРЫНА ЖӘНЕ ИНДИЯҒА ТАРАЛДЫ. ОЛАРДЫҢ МОНАХТАРЫН ЛАМДАР (ЖОҒАРҒЫ, НЕГІЗГІ) ДЕП АТАЙДЫ. ЛАМАИЗМ АЛҒАШ VIII ҒАСЫРДА ТИБЕТТЕН ШЫҒЫП, XV ҒАСЫРДА МЕМЛЕКЕТТІК ШІРКЕУ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСТЫ. ОНЫҢ ШІРКЕУ БАСШЫСЫН, «ДАЛАЙ-ЛАМА», (ТЕҢІЗ ЛАМЫ) НЕМЕСЕ «ХУШУХТЫ» ДЕП АТАЙДЫ. ДАЛАЙ-ЛАМАЛАР БУДДАНЫҢ ЖЕР БЕТІНДЕГІ ОБРАЗЫ, ОЛАР ӨЛГЕННЕН ҚЕЙІН ДЕ БАЛАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ӨМІРГЕ КЕЛЕДІ ДЕЙДІ. ЛАМАИЗМ ТИБЕТТЕ ТАРАҒАН КЕЗІНЕН БАСТАП, ЖЕРГІЛІКТІ ШАМАН ДІНІНІҢ МІНДЕТТЕРІН ӨЗІНЕ АЛДЫ. ЛАМАИЗМГЕ ШАМАН ДІНІНІҢ МИСТИКАЛЫҚ «ТАНТР» ІЛІМІ ЖӘНЕ «СИКЫРЛЫҚ» САЛТТАРЫ ЕНДІ.

ОРТА АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНЕ БУДДА ДІНІ Ү-ҮІ
ҒҒ. ТАРАЛДЫ ДЕП ЕСЕПТЕЙДІ. ХХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ
ЖАРТЫСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША БУДДИЗМНІҢ ОҢТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАН, ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТАРЫНДА ЖӘНЕ
ҚЫТАЙМЕН ШЕКАРАЛАС ЖОҢҒАР ҚАҚПАСЫНЫҢ
АЙМАҒЫНДА ІЗДЕРІ ТАБЫЛДЫ.

ҚАЗІРГІ ТАҢДА, ҚАЗАҚСТАНДА РЕСМИ ДЕРЕКТЕР
БОЙЫНША БЕС БУДДАЛЫҚ БІРЛЕСТІК ТІРКЕЛГЕН.
ОНЫҢ ҮШЕУІ ТИБЕТТІК ЛАМАИЗМ ЖӘНЕ ЕКЕУІ
КОРЕЙЛІК ВОН-БУДДИЗМ. ТИБЕТТІК-БУДДАЛЫҚ
ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ 1996 Ж. ОРАЛ ҚАЛАСЫНДА
АШЫЛДЫ. БУДДА ДІНІН ҰСТАНУШЫЛАР НЕГІЗІНЕН
КАЛМЫҚТАР МЕН КОРЕЙ ДИАСПОРАСЫ. БУДДА
ІЛІМІНДЕГІЛЕРДІҢ АРАСЫНДА ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ ДЕ
КЕЗДЕСЕДІ.

4 СЕМИНАР

БУДДАНЫҢ ТӨРТ АҚИҚАТЫ

**БУДДАНЫҢ АҒЫМДАРЫ: ХИНАЯНА
МАХАЯНА.**

ВАРДЖАЯНА. ПАНТЕОН. КУЛЬТ.

**ДЗЕН-БУДДИЗМЕ МЕН ЧАНЬ-БУДДИЗМЕ
ҚҰТҚАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.**

**ЧАНЬ-БУДДИЗМДЕГІ У-СУНЬ ЖӘНЕ У-ВЭЙ
КОНЦЕПЦИЯЛАРЫ.**

ТХЕРАВАДА САНГХАЛАРЫ .